

## 2018-2020 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 21/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 желтоқсанда № 4523 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы XIII сессиясының "2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 258 шешіміне сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған қала бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 15 057 209 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 11 712 663 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 35 660 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 100 545 мың теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша – 3 208 341 мың теңге;

2) шығындар – 15 900 178 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 842 969 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру – 842 969 мың теңге, оның ішінде:

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 684 633 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 32/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1-1. 2018 жылға арналған қалалық бюджетте 2 231 мың теңге сомасындағы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару көзделсін.

**Ескерту. Шешім 1-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 03.03.2018 № 23/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. 2018 жылға арналған қалалық бюджет түсімдерінің құрамында жоғары тұрған бюджеттерден берілетін нысаналы трансферттер 4-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

3. 2018 жылға облыстық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі 1 210 943 мың теңгені құрайтыны ескерілсін.

4. Қалалық бюджеттің шығындары құрамында халыққа тұрғын үй көмегін көрсетуге 1 015 мың теңге қаражат көзделді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 32/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

5. 2018 жылға арналған қалалық бюджеттің шығындары құрамында "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша 100 582 мың теңге көзделсін, оның ішінде:

1) Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін мерекелеудің жетпіс үш жылдығына арналған іс-шараларды өткізу шеңберінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетуге – 27 040 мың теңге;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында біржолғы әлеуметтік көмек көрсетуге – 19 326 мың теңге;

3) Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті күні қарсаңында біржолғы әлеуметтік көмек көрсетуге – 23 556 мың теңге;

4) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге – 10 059 мың теңге;

5) тамақ өнімдерінің қымбаттауына материалдық көмек көрсетуге – 20 601 мың теңге.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 32/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. 2018 жылға арналған қалалық бюджеттің шығындары құрамында жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсетуге 231 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

7. Теміртау қаласы жергілікті атқарушы органының 2018 жылға арналған резерві 74 958 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 32/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. 2018 жылға арналған қалалық бюджеттің шығындары құрамында заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен 560 575 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 32/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Қалалық бюджеттен Ақтау кентінің 2018 жылға арналған бюджетіне берілетін субвенциялар көлемі 192 706 мың теңгені құрайтыны ескерілсін.

9-1. 2018 жылға арналған қалалық бюджетте Ақтау кентінің бюджетіне жалпы 32 699 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер б-қосымшаға сәйкес көзделсін.

Ескерту. Шешім 9-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 03.03.2018 № 23/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2018 жылға арналған қалалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С. Урываев

Мәслихат хатшысы

А. Ломакин

**КЕЛІСІЛДІ**

"Теміртау қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ А.Сыдықова

2017 жылғы " 25 " желтоқсан

Теміртау қалалық мәслихатының  
2017 жылғы " 25 " желтоқсандағы  
21 сессиясының № 21/4 шешіміне  
1-қосымша

## 2018 жылға арналған қалалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 29.11.2018 № 32/4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	15057209
1			Салықтық түсімдер	11712663
	01		Табыс салығы	5420051
		2	Жеке табыс салығы	5420051
	03		Әлеуметтік салық	3301554
		1	Әлеуметтік салық	3301554

	04		Меншікке салынатын салықтар	2558584
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1411219
		3	Жер салығы	674778
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	472537
		5	Бірыңғай жер салығы	50
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	353439
		2	Акциздер	13869
		3	Табиғи және баска да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	184318
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	144943
		5	Ойын бизнесіне салық	10309
	07		Баска да салықтар	18
		1	Баска да салықтар	18
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	79017
		1	Мемлекеттік баж	79017
2			Салықтық емес түсімдер	35660

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы			Кіші сыныбы	
		Атауы		
1	2	3	4	
				5

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	28502
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	28271
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	231
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	44
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар,	44

			өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	7114
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	7114
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	100545
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	12784
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	12784
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	87761
		1	Жерді сату	75099
		2	Материалдық емес активтерді сату	12662
4			Трансферттердің түсімдері	3208341
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3208341
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3208341

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	15900178
01				Жалпы сипаттағы	777740

				мемлекеттік қызметтер	
1				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	223727
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	30437
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	30437
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	193290
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	151998
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	41292
2				Қаржылық қызмет	34278
		489		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі	34278
				Жергілікті деңгейде	

			001	мемлекеттік активтер мен сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18141
			004	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	7226
			005	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	4080
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4831
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	519735
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	35803
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік	34427



				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1376
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	46410
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46410

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және	243843

			тұрғын үй инспекциясы бөлімі	
			001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	219729
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2072
			045 Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	7167
			113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	14875
		486	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі	193679
			001 Жергілікті деңгейде жер қатынастары, сәулет және қала құрылысын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	192298

			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1381
02				Қорғаныс	46958
	1			Әскери мұқтаждар	41634
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	41634
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	41634
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	5324
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5324
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4971
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	353

03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	110719
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	110719
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	110719
			048	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	110719

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
04				Білім беру	8626507
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1687471
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1687471
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру	1687471

				тапсырысын іске асыруға	
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	5621212
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4383522
			003	Жалпы білім беру	4100807
			006	Балаларға қосымша білім беру	282715
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	1237690
			033	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1237690
	4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	28493
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	28493
			018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	28493

	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	1289331
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1289331
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60939
			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	324148
			012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1138
			015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	96097
				Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы	

			022	(балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	904
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	793358
			068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	12747
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	857998

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	66786
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	49844
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	49844
		464		Ауданның (облыстық	16942

				маңызы бар қаланың) білім бөлімі	
			030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	16942
	2			Әлеуметтік көмек	672291
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	672291
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	221561
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1015
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	100582
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	888
			013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	54651
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	76228



			017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	173670
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	43696
9				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	118921
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	118921
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік	40168

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	936
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	977

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	34163
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	39950
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2727

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1263682
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	580806
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	580806
			005	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	3009
			010	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	61779
			041	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	431
			055	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	515587
	2			Коммуналдық шаруашылық	59785
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі,	59785

				автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	
			013	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	14721
			017	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	40587
			019	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	4477
	3			Елді-мекендерді көркейту	623091
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	623091
			020	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	357521
			021	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	56716
			022	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	1974

			023	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	206880
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	678682
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	408956
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	408956

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ				Атауы	
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
1	2	3	4	5	6
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	408956
	2			Спорт	50713
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	50713
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19056
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық)	16376

				деңгейде спорттық жарыстар өткізу	
			007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	15281
	3			Ақпараттық кеңістік	137983
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	125234
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	104404
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	20830
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	12749
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	12749
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	81030

		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	20170
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12566
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7604
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	60860
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32906
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	27316
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	638

09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	8252
	1			Отын және энергетика	8252

Функционалдық топ					
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	8252
			024	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	8252
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	49875
	1			Ауыл шаруашылығы	23875
		473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	23875



			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16624
			005	М а л көмінділерінің ( биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	229
			007	Қаңғыбас иттер м е н мысықтарды аулауды және ж о ю д ы ұйымдастыру	2728
			009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	13
			010	А у ы л шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	544
			011	Эпизоотияға қ а р с ы іс-шаралар жүргізу	3737
			047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған ( зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын	0

				өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	
	6			Жер қатынастары	26000
		486		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі	26000
			006	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	26000
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	3700
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	3700
		486		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі	3700
			004	Аудан аумағының қала құрылысын дамыту және елді мекендердің бас жоспарларының схемаларын әзірлеу	3700
12				Көлік және коммуникация	2645364
	1			Автомобиль көлігі	2640135

Функционалдық топ				
Функционалдық кіші топ				

		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы (мың теңге)
		Бағдарлама			
		Атауы			
1	2	3	4	5	6
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	2640135
			026	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	660585
			027	Көлік инфрақұрылымын дамыту	0
			028	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	1979550
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	5229
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және	5229

				тұрғын үй инспекциясы бөлімі	
			030	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	5229
13				Басқалар	74958
	9			Басқалар	74958
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	74958
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	74958
14				Борышқа қызмет көрсету	231
	1			Борышқа қызмет көрсету	231
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	231
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша	231

				борышына қызмет көрсету	
15				Трансферттер	755512
	1			Трансферттер	755512
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	755512
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2230
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	560575
			038	Субвенциялар	192706

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
			054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған)	1

				н) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				Бюджеттік кредиттер	0
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0

Санаты					Сомасы (мың теңге)
Сыныбы					
Кіші сыныбы					
Атауы					
1	2	3	4	5	
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
--	--	---	---	---

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	
1	2			
			V. Бюджет тапшылығы профициті)	( -842969
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	( 842969

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	
1	2			
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	684633

Теміртау қалалық мәслихатының  
2017 жылғы "25" желтоқсандағы  
21 сессиясының № 21 /4 шешіміне  
2-қосымша

## 2019 жылға арналған қалалық бюджет

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		Ішкі сыныбы	Атауы	
1	2			
			I. Кірістер	12501948
1			Салықтық түсімдер	11348250
	01		Табыс салығы	5208526
		2	Жеке табыс салығы	5208526
	03		Әлеуметтік салық	3181746
		1	Әлеуметтік салық	3181746

	04		Меншікке салынатын салықтар	2427665
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1338215
		3	Жер салығы	711413
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	378017
		5	Бірыңғай жер салығы	20
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	445002
		2	Акциздер	16364
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	180370
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	237085
		5	Ойын бизнесіне салық	11183
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	85311
		1	Мемлекеттік баж	85311
2			Салықтық емес түсімдер	33539
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	29269
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	29038
			Мемлекеттік бюджеттен берілген	



		7	кредиттер бойынша сыйақылар	231
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4270
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4270
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	96711
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5568
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5568
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	91143
		1	Жерді сату	83893
		2	Материалдық емес активтерді сату	7250
4			Трансферттердің түсімдері	1023448
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1023448
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1023448

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	12501948
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	363578

	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	154060
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	21015
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21015
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	133045
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	133045
	2			Қаржылық қызмет	24126
		489		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі	24126
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік активтер мен сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске	18001

				асыру жөніндегі қызметтер	
			005	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	6125
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	185392
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	30525
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30525
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	47180
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік	47180

				атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		483		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	69834
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	69834
		486		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі	37853
			001	Жергілікті деңгейде жер қатынастары, сәулет және қала құрылысын реттеу	37853

				саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
02				Қорғаныс	59615
	1			Әскери мұқтаждар	43862
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	43862
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	43862
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	15753
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	15753
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	15356
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	397

03				Қоғамдық тәртіп , қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	81461
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	81461
		483		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	81461
			048	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	81461
04				Білім беру	6918690
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	2091358
		464		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1448640
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	1448640
				Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар	

		483		көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	642718
			049	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциял ау	642718
2				Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3935670
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3935670
			003	Жалпы білім беру	3662294
			006	Балаларға қосымша білім беру	273376
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	30493
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	30493
			018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	30493
9				Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	861169
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	861169

			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36142
